

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «№2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Тақырыбы: Жер асты мешіті

Алибекова Сабина, Қайыржан Нұрасыл

9 «А» сынып оқушылары

Жоба жетекшісі: Диханбаева Фариза Тулебековна

Аннотация

Адам кұпиясының бір ұшығы адамның тарихы оны қоршаған ортаға көзқарасында, дүниетанымында, этикалық дәстүрінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, бүкіл ұлттық психологиясы мен логикасында жатыр. Бірақ «Маңғыстау жер асты мешіті» сияқты мешіттер өте аз. Бұл мешіт кей кезде Бекет ата жер асты мешіті депте атайды. Себебі ол киелі жердің топырағы мен баурайында жатыр. Қазақ қоғамы саласында «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» атты өзіндік зерттемелі жұмыстың табиғаты әлі күнге дейін жүйелі зерттеу нысаны бола қойған жоқ. «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» өмірде киелі жер болғандықтан, оның болмысы мен табиғатын, қабілетін тану көбінесе елімізге үлесі тиіп келгені байқалады.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі. Киелі жердің сипаты мүлде бөлек. Сонымен қатар «киелі жер» сөзі ерекшелігінің зерттелмегендігімен байланысты. «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» қатысты ғылыми жобалар болғанымен, нақты қорғалған еңбек жоқ. Әр тұлғаның бойына тән қадір-қасиет, мінез-болмысі, өнері, тарихы, саясаты, киелі жердің көрінісі тапқан аспектіде зерттеу – жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешітін» тарих және қазіргі өмірмен байланыстыра қарастыру;

Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» жайлы ақпарат жинақтау, жүйелеу, мағыналық-тақырыптық жағынан топтастастыру;


Зерттеу әдістері. Жұмыстың мақсаты мен міндетіне сай сұрақ-жауап әдістері қолданылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазіргі киелі жерлердің әлеуметтік, психологиялық, тарихи, мәдениеттануды ескере отырып, замандастарымның көзқарасы қарастырылады.

КІРІСПЕ

Киелі жерді жүйелей отырып, барлық жағынан тарих, өнер, музыка, кешегі, бүгінгі күннің сенімі, ұлттық-мәдени өзгешелігінің ерекшеліктері өмірде болып жатқан оқиғалардың жүйесімен байланысты. Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» атының мағынасынан олардың танымдық, психологиялық, философиялық көздерін ашуға болады.


Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешітін» қарастыруда өзіміздің өмірмен, тұрмыс-тіршілігін, сол кездегі және қазіргі ұлттық психологиясын, тәлім-тәрбиесін, материалдық-рухани қазынасын фон ретінде ұғынуға болады.



НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жұмыстың кіріспесінде тақырыпты зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеудің әдіс-тәсілдері, ғылыми жаңалығы, теориялық-практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, жұмыстың талқылануы сипатталады. Ғылыми жұмыстың I тарауы «**Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»**» деп аталады. Бұл тарауда киелі жер атауының шығу тарихы, қазіргі киелі жерге деген көзқарас мәселелері, аспектілерінің зерттелінуі, ерекшеліктері қарастырылады.


Әлі күнге дейін киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» туралы қорғалған ғылыми еңбек жоқ. Бірақ жан-жақты қарастыра тарих, қазіргі кездегі қоғамның қызығушылықтарын /сенім/ жүйелей отырып, өмірмен байланыстыра «киелі жер» сөзінің бір қырын сөз етеміз. II тарауы «**Зерттеу әдістері мен нәтижелері, талдауы**» деп аталады. Бұл жерде сұрақ-жауап сауалнама қарастырылады. Осы әдіс арқылы бұрынғы және қазіргі киелі жерге деген көзқарасқа /сенім/ өзіндік бақылау жүргізе отырып салыстыра жазылды.




I тарау «Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»


I.I. Жоба мазмұны Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы аясында, «Қазақстанның киелі жерлерінің» жобасына енгізілген жалпыұлттық, макросакралдық маңызы бар, өлкеміздің баға жетпес қазынасы саналатын «Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» жайлы болмақ.

Бұл тарауда мен өзіміз жүргізген әдіс-тәсілдер арқылы қол жеткізген тәжірибелер нәтижелері тұжырымдалып сөз етіледі. «Киелі жер» сөзінің өзіне түсіндірмелі кітапта «қатар өскен, заманы бір» деп түсіндірілген. Өйткені тұрақты түрде қажетті дүниеге қол жеткізу үшін өзіміздің мектептегі сыныптастарымызбен қысқа уақытта тығыз байланыс жасау арқылы қол жеткізу болды.




Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне қайта келіп, бес мешіт салдырады. Жергілікті дін ғұламаларының арасында даңқы өсіп, Пір атанады. Пайғамбар жасында дүние салады. Бекет атаның мүрдесі осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Дерекке сүйенсек, Пір Бекет 1813 жылы көз жұмып, Оғыланды жеріндегі мешітке жерленген делінеді. Жалпы ол өз өмірінде бес мешіт салдырған екен. Алғашқысының атауы Ақмешіт, ал келесісі Бейнеудегі жер асты мешіті, үшіншісі – Үстірттегі Байшағыр аталатын жерде, соңғылары – Бозащы түбегіндегі Тиген аулынан қырық шақырымдай жерде орналасқан мешіт және өзінің мәңгі мекені болып тұрған Оғыланды жартасындағы киелі орын. Осылардың ішіндегі ең үлкен Оғыланды жеріндегі мешіт, Ол биік таулы жартастың орта тұсына таман салынған, төменнен көтерілген саты мешіт алдындағы алаңға әкеп тірейді. Онда бірнеше жайлар орналасқан, оның біріншісінде күмбездің жоғары тұсынан күн сәулесі түсуге ыңғайланған ойығы бар. Одан кейін михрабы бар намазхана орын тепсе, тағы бір жайда Пір Бекеттің өзі жерленген, ол жай мешіттің оңтүстік-шығысында тұр. Мешіттің жалпы пішіні дөңгелек болып келеді. Ішкі көрінісі қазақтың күйіз үйінен аумайды. Михрабы бар намаз залының артқы тұсынан қойма немесе сол секілді кішігірім, жартылай салынған тағы бір жай бар. Негізі мешіттің барлық қабырғаларына тегіс тақтайшалар жапсырылған, сондай-ақ, жарық түсіретін шамдар қойылуға тиіс текшелер бар, бұдан артық безендірілмеген. Бұл мешітте Бекет атадан бөлек немересі Мұрын мен қызының да денелері жатыр. Мұндағы киелі орынның басты ерекшелігі деп акустикасын айтуға болады.





Бұл киелі жерде мешіт басына зиярат етушілерден арылмайды деседі. Үстіртте орналасқан Бекет ата жер асты мешіті облыс орталығы Ақтау қаласынан Қарақия ойпаты арқылы Жаңаөзен қаласына жетіп, әрі қарай міндетті түрде киелі жер Шопан ата қорымына соғады. Кей аңыздарға қарағанда қорым, Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Шопан ата салдырған жер асты мешітінің төңірігіне салынған. Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» сияқты мешіттер өте аз, осы мешіт өзінің түрімен басқа мешіттерге қарағанда ерекшеленеді.

Осы тұста Шақпақ-ата жер асты мешіті жайлы мәліметтер кездесіп жатады. Жетгілікті халық бұл жазықты Шақпақ-ата сайы деп атайды. Бұлда тарихтан қалған киелі жер екенін айтуға болады. Мешіттің күнбатыс тұсында Шақпақ ата есімімен аталатын қорым орналасқан. Мұнда да Шопан ата, Қараман ата қорымдарындағыдай түрікмен ескерткіштері бар. Олар шамамен XIII-XVII ғасырларға жатады. Сол секілді қазақ руларының да сағанатамдары мен құлпытастары қойылған. Үңгірге кіретін есік безендіріліп, оның қасында дін уағыздайтындарды жерлеуге арналған бірнеше текшелер ойылған.



Atyrau region. At the age of 14, he came to worship the dust of the sage Shopan-ata and received a blessing and a divine gift from him. In Khiva, he studied

Маңғыстау мен Үстірттің маңы Батыс Қазақстанның керемет халық сәулет өнерінің ошағы болып табылатыны белгілі, санының молдығы жағынан да, барлық түрінің ең шебер орындалуы жағынан да өңір көшпенділерінің мемориалды-ғибадаттың құрылыстарының қайталанбас нұсқалары осы жерде шоғырланған.

Маңғыстудағы киелі жерлер көптеген ғасырлар ағымында әртүрлі жағдайлардың, оның ішінде өте жағымдысы да, жағымсызы да болатын қайталанбас факторлардың тұтас тізбегінде «халық сәулет өнерінің орасан үлкен ашық аспан астындағы музей қорығы» деп айтсақ, әділетті болатындай ескерткіштердің кең көлемді кешені қалыптасты. Арал-Каспий аймағындағы көптеген және әртүрлі монументалды-ғибадаттық құрылыстардың ошағы болатын Маңғыстау-Үстірт кешені ерекше көрінеді. Киелі жерлердің көп болуы, әртүрлілігі, ескерткіштердің жеке ерекшеліктері, киелі жерлердің жоғары көркем шешімі, формаларының тұтастығы мен бітімі.



Маңғыстаудағы жерасты мешіттері топтамасын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралары тізіміне енгізу жоспарланып отыр. Батыс Қазақстандағы ең көне сәулет ескерткіштері Қазақстанның жеті кереметіне енген. Мамандардың айтуынша, тастан ойып салынған бұл жерасты мешіттерінің әлемде баламасы жоқ. Ескерткіштердің, әсіресе құрылысы жағынан ерекшелігі дүние жүзі мамандарын таңдандырып отыр. Ал осы ескерткіштерді жерасты мешіттерін сериялық негізде бүкіләлемдік ЮНЕСКО-ның мұрасына енгізу бойынша қазіргі таңда жұмыстар басталып кеткен. Бұл мешіттердің ЮНЕСКО-ға енгізудің арнайы ережесі бар. Ол әлі де қарастырылып жатыр.

Ал біз жер асты мешіттерінің ішінде бүгінгі таңда көп айтылмайтын Түркістан облысында Ахмет-Яссауи кесенесінің жанында жер асты мешіті бар екенінде атап өткізіп келеді. Сонымен қатар жер асты мешіттері ескі әрі кіруге қауіпті болғандықтан біз жетекшіміздің көмегімен 3D форматын жасадық. Оны төмендегі суреттерден қарастыруға болады.

Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай: «Өзгеруі жылдам қазіргі заманда біздің бәрімізге ортақ міндет – ата-бабаларымыздың мұрасын шашауын шығармай тірнектеп жинастырып, келер ұрпақ үшін аялап сақтау» деп айтқымыз келеді.

II тарау «Зерттеу әдістері мен нәтижелері, талдауы»

II.1. Зерттеулер Теміртау қаласы білім бөлімінің №2 жалпы білім беретін мектебінің базасында жүргізілді. Зерттеу сұрақ-жауапқа мектеп оқушылары қатысты.

Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі зерттеу әдістері қолданды.

Сұрақ-жауап

Талдауы

Сауалнама

Мектеп оқушыларына төмендегі сауалнама сұрақтары қойылады:

1. Сіздің киелі жерлер жайлы естуіңіз бар ма?
2. Сіз киелі жерлерге сенесіз бе?
3. Сіз «Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» туралы не білесіз және көзқарасыңыз?

2. Талдауы

1. Сұрақ-жауап нәтижелері:

Сауалнамаға мектепте оқитын 20-ға жуық оқушы қатысты.

Бірінші және екінші сұрақты талдай келе төмендегі нәтижелер анықталды:

Оқушылардың 17-сі яғни 85%-ы өзіндік пікірге ие екендігін, киелі жерлер жайлы білетіндігі, естулері бар екендігі анықталды. 3 адам яғни 15%-ы өздерінің киелі жерлер жайлы мән бермейтіндігін айтқан.

1.2 Үшінші сұрақты талдай келе төмендегідей тұжырым жасалды.

Оқушылардың 18-сі яғни 90%-ы киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» жайлы өте аз білетіндігі анықталды. 2 адам яғни 10%-ы өздерінің киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті» жайлы білетіндігін айтып, бізге ол жерге киелі екендігіне Бекет атаның жетістігін біліммен ұштастырғанын дәлел ретінде өз ойымен бөлісті.


ҚОРЫТЫНДЫ


Зерттеуіміз киелі жер **«Киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»** болғандықтан, оқырманын селт еткізер дүниені ашуға тырыстым. Киелі жердің туындылары мен түрлі көзқарастары мен жетістіктері, ерекшеліктері сараланды. Оларды жүйелеу арқылы әлеуметтің дүниетанымы, этикалық дәстүрі, ұлттық психологиясы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы /сенімі/ туралы мағлұмат алуға болады, бүкіл пішім-бейнесі толық аңғарылады.

Біздің **киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»** жайлы түйгеніміз олар өмірде өз орнын табуда, қоғамда өз бетінше құрметке ие, киелі жерге деген сенімде өзін-өзі шектеу, өзіндік бақылау, киелі жердің бағалай алудың аясы кеңейетіндігі байқалады.

Рухани өсу **киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»** алғашқы өсу дәуірінен қалыптасатынын байқадық. Жобаны жүзеге асыру, сауалнамаға берген жауаптардан «киелі жер, құрметке ие» деген тұжырымға келдік.

Сонымен **киелі жер «Маңғыстаудағы жер асты мешіті»** арқылы қоғамда дербестік және адамгершілік сезімінің дамуы байқалады.





Назарларыңызға рахмет!

20.02.2020

